

Жер жегісі – ел жегісі

«Мәңгілік Елдің» түпкі ұлы ұйытқысы — Жер мен Су. Өйткені Тәңіртауды түркі жұртына Тәңірімнің өзі енші етіп бергендіктен де, «керуен жүргізушілерден басқалардың» табаны баспауы тиіс, өзен-суы жаттың шөлін қандырмауы және оны қаған — мұрагеріне, ата — баласына, ана — қызына» аманат қалдыруы тиіс. Сондықтан да «Тариат» көне жазба ескерткішінде: «Түстіктегі шекара мен Алтай тауының батысын, Көгман тауының терістігін сақтаңдар! Өйткені Тәңіріден жаратылған тәңір текті халықты құраған Тәңіртау бұл», — деп өсиет еткен қасиетті мекен, яғни осы жер.

Оның себебін «Күлтегіннің» кіші жазуында: «Егер қазір баяғы кексіз түрік қағаны Өтүкен қойнауында отырса, онда ел мұңсыз болады. Ел тұтатын жер осы Өтүкен қойнауы. Өтүкен қойнауында отырсаң Мәңгі елдігінді сақтайсың. Онда түрік халқы тоқ», — деп түсіндірген. Соны білген ата түркі оғландары «төрт бұрыштан» (анталаған) «дұшпандарға» ... сарбаздармен аттанып, төрт бұрыштағы халықты көп алды, бәрін бейбіт етті, бастыны еңкейтті, тізеліні бүктірді. Ілгері Қадырқан қойнауына дейін, кері Темір қақпаға дейін жайлады. Екі аралықта жүрген иесіз көк түріктер осылай қоныстанды. Қоныстандырғандар — білге, алып қағандар мен білге, алып әміршілер» болды («Күлтегін», үлкен жазу).

Сөйтіп, мәңгі алаңсыз мекендейтін «мәңгілік ел мен жер» туралы әфсаналар, міне осылай, тасқа қашалған өсиетті аманат ретінде исі түрік қауымының аңсарына айналды. Ел жаңарып, ұрпақ жаңғырса да, осынау қасиетті арман олардың жүректеріне рух боп ұялады.

Соның нәтижесінде, Қорқыт баба мен Асан қайғы іздеумен өткен өлім-жітімсіз ел мен жер — Жерұйық пен Жиделібайсын жұрты туралы аңыздар туды, ол аңыз «мәңгілік елдің» ныспылы нысанасына айналды. Жер — «мәңгілік елдің» киелі кепілі. Жыл санауымыздан бұрынғы IV ғасырда өмір сүрген Мөде тәңірқұтынан дұшпандары арандату мақсатында астындағы атын, қойнындағы қатынын сұратқанда, олардың айтқанына көнеді. Ал ешкімге керексіз сортаң жердің пұшпағын сұратқанда: «Қатын мен хайуанды ел үшін қиюға болады.

Орыны толады. Ал Жер — отанның белгісі, елдің мәңгілік еншісі. Ат пен қатын табылады, жер табылмайды, соғысамыз», — деп намыстанып, түн қата аттанып, жауын жер жастандырады. Құнанбай да «Ел өседі, жер өспейді» деп, Шыңғыстың ұлтарактай пұшпағы үшін өмір бойы ағайындарымен жағаласып өтті. Мөде мен Құнанбайдың арасын екі жарым мың жыл бөліп тұр. Бірақ та жерге деген көшпенділердің құрметі мен елдік саясат өзгермеген. Оның басты себебі — атадан балаға аңсар ретінде көшкен «мәңгілік елдің» нысанасы. Ал біз күннің ашығында, айдың аманында ата қоныстың өңірін өз қолымызбен жыртып бердік. Біз етегімізден кесіп берген

тура сол жер жаттың қолында кетпесін деп байырғы түрік қағандары: «Өтүкен қойнауындағы Сүңгі Башқан жайлауына тақ пен сарай орнатты. Мың жылдық, түмен күндік жазу белгілерін осында жалпақ ауыр тасқа жаздырды. Өйткені онда көктегі Көк Тәңірі жарылқаған түрік елі өмір сүрді, елдігін құрды. Төменде Қара Жер жарылқады, сол жер үшін төрт бұрыштағы халық күш-қуатын сарып етті. Жаулары өз үлесінен айырылды» («Тариат» жазуы).

Бірақ заман бір төңкеріліп түскенде тақ та, сарай да, «мың жылдық, түмен күндік жазу да» жаттың уысында қалды. Осы тұрғыдан алғанда жер жөніндегі «мәңгілік ел» нысанасында тасқа қашалып тұрып жазылған «Адамға өлім бар, елге өлім жоқ» деген қасиетті қағиданы ешқашанда жадымыздан шығармауымыз керек. Аталарымыздың өсиетіне жүгінсек, жат қолына кеткен ел мен жер — «өлі дүние». Қазақ ұлтының сөгілген қабырғасы бітіп, босқан «бүдіні» (елі) бүтінделіп, кеткен жер мен ел есесі әлі толық қайтып болған жоқ. Демек, бұл да еліміздің ертеңі үшін тікелей қатысы бар тәмсіл. Демек, сол өркениеттің бүгінгі жұртында бұл идеяның қайта түлеуі заңды, дәстүрлі құбылыс.

Бұл идея тәуелсіз мемлекеттік құрылымды орнатуға ұмтылған «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің Біртұтас алаш идеясында нақтылай тұжырымдалды. Көне түркі жазбаларындағы бұл үлгі — бүгінгі «Мәңгілік Ел» үлгісінің қормалы. «Мәңгілік Ел» нысанасы — «Аспан мен Жер, Су жаратылғалы» Тәңіртауының сағасын мекендеп келе жатқан, «жеті рет жер жаңартқан» (Шәкәрім) көшпелі түрік жұртының, оның тікелей мұрагері бүгінгі қазақ елінің ұлы арманы, түркі-қазақ әлемі мен руханиятының ұйытқысы. Демек, жер мен су болса ғана қазақ қауымы мәңгілік ел қалпын сақтап қалмақ.

Өйткені «Мәңгілік Ел» нысанасы көшпелілердің рухани кеңістігінің қасиетті болмысы. Оның мәңгілік сыпатына Тәңір мен Ұмай ана, Жер мен Су кепіл. Мұндай ғаламдық кеңістік деңгейіндегі Кепілдікке ие болған түрік жұртының құрып кетуге кеше де ешқандай құқы жоқ болатын, бүгін де «құлданып, күнденіп кетуге» құқы жоқ, ертең де «жойылып, сіңіп» кетуге қақысы жоқ. Алашорданың орнатайын дегені де сондай мәңгілік аңсарға ұйыған ұлттық демократиялық мемлекет. Ал алаш идеясының басты аманаты — жерді ұлттың игілігіне мәңгі аманатқа қалдыру. Қазақ мемлекеті үшін ең басты мәселе — жер, жер және жер.

Өйткені жер — Отан, жер — экономика, жер — қорғаныс, жер — рух, жер — мәдениет, жер — намыс. Жерсіз мемлекет өмір сүре алмайды. Әр ұлт, әр сарбаз өз елін «Менің жерім!» деп қорғайды. Жерінен айырылған мемлекет — өзінің бостандығынан, тәуелсіздігінен айырылады. Жер — мемлекеттің меншігі және Отан деген ұғымның басты кепілі. Ендеше, «Мәңгілік Ел» ұстанымының қасиетті қағидасы да осы жерге негізделуі тиіс.

Сонда сонау көне аңсармен — бүгінгі аңсар, бүгінгі аңсармен — ертеңгі аңсар өзара мәңгі ұштаспақ. Әйтпесе, бүгінгі ұзынырғасы 13-15 латифундистің меншігіндегі жер «мәңгілік елдің» мекені бола алмайды. Қырымдағы қитұрқының тонын сыртына аударып: «Жер өзіміздің жеке меншігіміз. Сондықтан да оны қай мемлекеттің құрамын қаласақ, соған бағындырамыз. Сол үшін референдум өткіземіз» десе, Біріккен Ұлттар Ұйымы да, Еуропалық одақ та ештеңе дей алмайды. Өйткені олардың басты қағидасы — жеке капитал мен жеке меншікті қорғауға құрылған. Демек, бұл мәселеге қайтып оралып, жерге жеке меншік мәселесін бүкілхалықтық референдум арқылы шешпей, «Мәңгілік Ел» ұстанымы да тиянақталмайды. Өйткені «мәңгілік елдің» мәңгілік мекендейтін, оны асырайтын, паналайтын тұрақты жері болуы керек. Қазақстан жерінің 77 пайызы латифундистердің қолында. Сонда «мәңгілік еліміздің» Өтүкені, Жиделібайсыны, Жерұйығы қайда? Біз кімнің жерін басып жүрміз?

Қазақстанның фаунасы мен флорасының алтын қоймасы саналатын қорықтарға тиесілі аң аулау шаруашылықтарының тоқсан пайызынан астамын «бауырластарымыз бауырмалдықпен» бауырына басып, меншіктеп алғаны туралы нақты деректі оқығанда, Арқангер мен Алматы қорығындағы қанды қырғын есіме түсті. Егерлердің мылтықсыз жүрмейтіні белгілі, демек, олар қару-жараққа де ие. Енді осы сөздеріме нақты жанама мысалдар келтірейін. Мен осыдан бес жыл бұрын Торғайдағы Ахмет Байтұрсыновтың атамекені Ақкөлге бардым. Бұл 2 мың шаршы шақырым аумақтағы құрдымда жатқан көл. Яғни, Арқалыққа дейін 600, одан Торғайға дейін 500, Торғайдан әрі қарай 170 шақырым жерде орналасқан, торғайлықтарды ашаршылықтан аман сақтап қалған көл. Сол көл 2006 жылы жеке меншікке сатылып, Торғайдағы 17 кеңшардың халқы балықсыз қалыпты. Торғайдың жері сары топырақты болып келетіндіктен, онда сабағы қоға, басы бидайық сияқты «қоқа» деген өсімдік қана өседі. Оны мал жемейді, егін салуға келмейді. Яғни, халықтың күнкөріс көзі — балық аулау ғана.

Кейінгі жылдары сол Ақкөл тартылып, балығы шіріп, жағаға шығып қалыпты. Ақкөлдіктер: «Ең қорлығы сол, биылғы жазды өзімізге қызығын көрсетпей отырған біреудің балығын тегін жиып, өртеумен өткіздік», — дейді. Сөйтсек, әлгі көл иесі балықты өзі де аулап жарытпайды, жергілікті тұрғындарға да аулатпайды екен. Содан кейін су тартылып, балықтар шіри бастаған. Балық шіріген жерде індет тарайды. Сонда жалғыз күнкөрісінен айрылған ел не істейді?

Тағы бір мысал. Бір жылдары Шығыс Қазақстанда өскен шөп адам бойынан асып кетті. Ал сол жылы Семей өңіріндегі басты мәселе шөп тапшылығы болды. Алтайдың сілеміндегі адам бойынан асатын шөпті шабуға болмайды. Өйткені ол біреудің жері. Кімнің жері? Әйтеуір қазақтыкі емес. Өйткені бәйектің дені Ертістің арғы бетінде. Сондай-ақ, Қазақстанның көп аймақтарында сол жылы егін бітік шыққанымен орылмай қалды. Неге?

Өйткені Қазақстанның солтүстіктегі қаратопырақты аймақтарындағы бүкіл егін аумағының дені 7-11 латифундистің меншігі. Солтүстіктегі облыстардың барлық элеваторлары «жат қолында» (Ғ.Мүсірепов).

Ал олар, әрине, шағын серіктестерден көрі, латифундистердің өнімін көтермелеп сақтағанды жөн көреді. Ауыл шаруашылығы министрінің бұл мәселені шешуге шамасы жетпейді. Осындай бір алқақотан отырыста пікір айтылған тұста қазақтың ой қормалы, оқымысты Аманкелді Айталы дегдар: «Тұрсын Жұртбайды қолдасақ, біраз уақыт көптеген мүмкіншіліктерден айырылып қалдық. Қадіріміздің қашқанын енді біліп жатырмыз ғой деймін. Мысалы, жер мәселесінің бұдан да әрі ушығуы мүмкін. Бір жағынан алғанда, Ресеймен шекараны анықтау үлкен жетістік. Жалпы орыстар қазақтармен шекараны анықтауға ешқашан да көңіл бөлген жоқ. 2005 жылы қараша айында Ресей мен Қазақстанның шекарасын анықтауға арналған отырыс болды. Бірінші нүктесінен бастап, көлі бар, сайы бар, суы бар, орманы бар, тауы бар әрбір метріне дейін екі тілде жазылған 500 бет кітап екен. Нұрсұлтан Назарбаев пен Владимир Путин осы мәселені бір күнде келісіп, шешкен. Біз өте үлкен құлшыныспен ратификация жасадық қой. Сонда «жер берілмесін» деп Ресейдің 36 депутаты өре түрегелген. Путин болса: «Қазақ деген жақсы халық» деп тоқтатыпты. Соның өзінде, күні бүгінге дейін шекараның әлі шешілмеген мәселелері бар. Десек те, бұл үлкен жетістік. Осы хаттама БҰҰ-на кетті ғой. Халықаралық күшке енді. Қытаймен де сол сияқты. Ал еншімізді алғанмен, елдің ішіндегі мәселені келістіре алмай жатқанымыз рас. Балқаштан былай қарай 30 млн-ға жуық жер — әскери полигон. Оның жалдық ақысы да көп емес. Сол жерлерге де қазақ малын жая алмай отыр. Бұл — зымырандық полигондар. «Бұл да еліміздің қорғанысы, бұл зымырандар тек Ресейді емес, бізді де қорғайды» дейді.

Өз еліміздің байлығына ие болу, жерді тиімді пайдалану және рухани мәселелерді шешпеу — бұл әрине, әсіресе, Ресейдің ақпараттық үстемдігі», — деп бізді қостап еді. Әулие екен. Міне, енді «Қырым оқиғасын» көзбен көрген соң көңіліміздегі күдік пен кәдік бұрынғыдан да ұлғайып отыр. Жер мәселесі — қазақтың тәуелсіздігінің кепілі. Ендеше, бұл мәселеге қайтып оралу керек. Бәлкім, бұл мәселені бүкілхалықтық референдуммен шешкен дұрыс шығар. Әйтпесе, біздің бүгінгі күйіміз баяғыда біз оқыған мектептегі тарих пәні оқулығындағы бір аяғымен жер басып тұрған орыс мужығының суретіне ұқсайды.

Әлихан Бөкейханов айтқандай: «Қазақтың байырғы жерін қашан ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмеуі» тиіс. Өйткені Жер — Отан, ал Отанды сатуға да, жеке меншікке айналдыруға да болмайды. Қазір қазақ жері өзінің тарихи иесінен айырылып қалды. Ал «Мәңгілік Ел» ұстанымының ұстыны — жерсіз ұстын емес, «қағылған қазық» қана.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ — Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының директоры,
зерттеуші-ғалым.